

Ұлттық ғылыми-практикалық
дене тәрбиесі орталығының
Ғылыми кеңесінің шешімімен
бекітілді.

2023 ж. 19 сәуірдегі №2 хаттама

Ғылыми кеңес төрағасы,
бас директор



С. Садықов
2023г.

Білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар

1. Жалпы ережелер

1. Білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру жөніндегі осы әдістемелік ұсынымдар (бұдан әрі – Әдістемелік ұсынымдар) мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында спорттық жаттығуларды ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру кезінде «Дене шынықтыру және спорт туралы», «Білім туралы», «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарын, Қазақстан Республикасының Еңбек, Азаматтық кодекстерін, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 191 бұйрығын, осы әдістемелік ұсыныстарды және білім беру ұйымының Жарғысын басшылыққа алу қажет.

3. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың мақсаты – білім алушыларды дене шынықтырумен тұрақты айналысуға баулу, жарыс қызметін жандандыру, дене шынықтыру мен спортты насихаттау және ілгерілету.

4. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың міндеттері:

1) білім алушылардың дене бітімі, рухани-адамгершілік және патриоттық тәрбиесіне қолдау көрсету;

2) денсаулық жағдайында ауытқулары бар және дене дайындығы әлсіз білім алушылардың денсаулығын нығайтуға бағытталған шараларды жоспарлау;

3) орта білім беру ұйымдарында бұқаралық спорт түрлерін дамытуға жағдай жасау;

4) білім алушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттауды жандандыру және дене шынықтыру мен спорт құралдары арқылы білім алушылар арасында нашакорлықтың, маскүнемдіктің, темекі шегудің, құқық бұзушылықтардың алдын алу.

2. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру

5. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларға жетекшілікті директордың оқу және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары, мектепке дейінгі ұйымдарда – әдіскер жүзеге асырады.

6. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың жұмысын оқу жүктемесіне карамастан негізгі жұмыс орны бойынша дене шынықтыру педагогтері/нұсқаушылары ұйымдастырады.

7. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың жетекшілері оқу жылына мектеп директорының, мектепке дейінгі ұйым басшысының бұйрығымен тағайындалады.

8. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар дене шынықтыру педагогтері әзірлеген және білім беру ұйымының басшысы бекіткен бағдарламаға сәйкес ұйымдастырылады.

9. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың бағдарламалары жұмыс оқу құжаттамасына қойылатын талаптарға (түсіндірме жазба, мазмұны, тақырыптық жоспар) сәйкес ресімделеді.

10. Мектеп директоры білім беру ұйымының мүмкіндігін ескере отырып, әр оқу жылына арналған жұмыс жоспарын және сабақтан тыс спорттық жаттығулардың кестесін бекітеді. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларға тіркелу жыл сайын жаңа оқу жылының басталуымен жарияланады.

11. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар жабдықталған кабинеттерде, спорт залында, спорт алаңында өткізіледі. Олардың кестесін білім беру ұйымының директоры бекітеді.

12. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларға арналған топтың құрамына 12-ден бастап 24-ке дейін білім алушы кіреді.

13. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың нәтижелері білім алушылардың оқу жылы ішінде мектепішілік жарыстарға, сыныптан тыс іс-шараларға қатысуы болып табылады.

14. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар мектеп директорының бұйрығымен басталады, бірақ 15 қыркүйектен кешіктірмей, сосын оқу жылының соңында аяқталады.

15. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар қажетті спорттық база болған кезде білім алушылардың мүдделерін ескере отырып, бірнеше бағыт бойынша (спорт түрлеріне қарай) ұйымдастырылуы мүмкін. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар жалпы дене шынықтыру және спорттық-сауықтыру іс-шараларының жаңа түрлері бойынша ұйымдастырылуы мүмкін.

16. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастырудың құралдары мен әдістерін таңдау дене шынықтыру пәнінің педагогімен, нұсқаушымен тікелей жүзеге асырылады.

17. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарында сабақтан тыс спорттық жаттығулар аптасына 2 сағат, орта білім беру ұйымдарында – аптасына 3 сағат, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында – аптасына 4 сағат өткізіледі.

18. Бір сабақтан тыс спорттық жаттығудың ұзақтығы – мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне байланысты 10-нан 30 минутқа дейін, бірақ орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында кемінде 45 минут.

3. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларға арналған ұсынымдар

19. Сабақтан тыс спорттық жаттығуларға рұқсат тиісті медициналық анықтама болған кезде беріледі.

20. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру үшін топтар оқу жылының басында жас ерекшеліктеріне сәйкес топтар бойынша жинақталады.

21. Орта білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру үшін топтарды жинақтау оқу жылының басында және келесі жас топтары бойынша жүзеге асыру ұсынылады: бастауыш сынып оқушылары (1-4 сынып), орта мектеп жасындағы білім алушылар (5-6, 7-8 сынып) және жоғары сынып білім алушылары (9-11 сынып).

22. Шағын жинақталған мектептерде сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру үшін топтарды білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып жинақтау ұсынылады.

23. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында сабақтан тыс спорттық жаттығуларды ұйымдастыру үшін топтарды жинақтау жыл сайын оқу жылының басында жүзеге асырылады.

24. Мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сабақтан тыс спорттық жаттығуларда қимыл белсенділігін дамытатын жаттығуларды ұйымдастыру ұсынылады.

25. Бастауыш сынып оқушыларына арналған жалпы дайындық бойынша, орта және жоғары мектеп жасындағы оқушыларына сабақтарды спорт түрлері немесе спорттық-сауықтыру бағыттары бойынша ұйымдастыру ұсынылады.

26. Техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған спорттық-сауықтыру бағытындағы жаттығуларды спорттың барлық түрлері, оның ішінде ұлттық түрлері бойынша ұйымдастыру ұсынылады.

4. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар жетекшілерінің құқықтары мен міндеттері

27. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың жетекшілерінің құқықтары:

- топты өз бетінше жинауды жүзеге асыру;
- үйірмелерде жаттығуларды жүргізу;
- бағытына қарай оқу бағдарламалық құжаттамасын әзірлеу;
- сабақтан тыс спорттық жаттығулардың кестесін құру бойынша ұсыныстар енгізу;

- сабақтан тыс спорттық жұмысты ұйымдастыруды жетілдіру және сабақтан тыс спорттық жаттығулар қатысушыларын жетістіктері үшін көтермелеу мәселелері бойынша ұсыныстармен білім беру ұйымының әкімшілігіне жүгіну.

28. Сабақтан тыс спорттық жаттығулар жетекшілерінің міндеттері:

- сабақтан тыс спорттық жаттығуларды өткізу кезінде еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы қағидаларының сақталуын қамтамасыз ету;

- оқу үдерісін қауіпсіз ұйымдастыруға, сабақтан тыс спорттық жаттығуларды өткізу кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығына жеке жауапкершілік алу;

- жәбірленушіге дәрігерге дейінгі көмек көрсету бойынша шараларды көрсетуге, жазатайым оқиғаның орын алғанын басшылыққа жедел хабарлауға;

- білім алушылармен және тәрбиеленушілермен қарым-қатынасында педагогикалық әдеп ережелерін сақтау.

5. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың құжаттамасы мен жұмыс есебі

29. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың бағдарламасы.

30. Сабақтан тыс спорттық жаттығулардың тақырыптары көрсетілген оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

31. Студенттердің сабақтан тыс спорттық жаттығуларға қатысуын есепке алу журналы.

32. Қауіпсіздік техникасының журналы.

33. Білім беру ұйымының спорт секцияларының кестесі.

34. Спорт секцияларына қатысатын білім алушылардың тізімі.